

**ОТПРАВЬ  
ПИСЬМО -  
ДОБЕЙСЯ  
ПЕРЕМЕН**

AMNESTY  
INTERNATIONAL



**НАССИМА АС-САДА, САУД АРАБИЯСЫ**

**ӘЙЕЛДЕР**

**ҚҰҚЫҚТАРЫН**

**ҚОРҒАҒАНЫ ҮШІН**

**ТҮРМЕГЕ ҚАМАЛДЫ**

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

# ХАТТАР МАРАФОНЫ

Amnesty International Хаттар марафоны («Write for Rights») науқанын жыл сайын 10 желтоқсанда, Адам құқықтары күніне орай өткізеді (осы күні 1948 жылы Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясын қабылдау күні марапатталады). Хаттар марафонының мақсаты – адам құқықтары бұзушылықтарынан зардап шеккен не бұзылу қаупі бар адамдардың және қауымдастықтардың өмірін өзгерту. Хаттар марафоны бағдарламасы бойынша өткізілетін көп шаралардың арасында Amnesty жағдайды өзгерте алатын биліктегі тұлғаларға жекелеген тұлғалар мен топтардың істерін көрнекті көрсетіп, қоғамдық шаралар ұйымдастырып, интернет пен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оларға халықаралық деңгейде назар аудартады.

Хаттар марафонының ең маңыздысы – бұл бүкіл дүние жүзінде миллиондаған адамдар қатысатын хаттар легі. Әрекет жасауға шақыратын халықаралық үндеу нәтижесінде шешім қабылдаушы адамдарға хаттар ағылып түседі. Осы жылы Марафон кейіпкерлерінің арасында өз құқықтарын қорғап, көзқарастарын білдіргені үшін тұтқындалған, өз болмысы үшін қудаланған ЛГБТИ белсенділері, соққыға жығылған және жарақаттанған бейбіт наразылық қатысушылары,

қудалау мен қорқытуға ұшыраған қоршаған орта қорғаушылары және басқа адам құқықтары тап болған адамдар. Олар жер шарының барлық түкпірінен қолдау хаттарын алады. Адам құқықтары бұзылғаннан зардап шеккендер мен олардың отбасылары өз жағдайлары кең бұқараға мәлім болатынын біледі. Олар ұмытылмағандарын біледі.

Өткен науқандардың нәтижелері таң қалдырады. Құқықтары бұзылғаннан зардап шеккендер осы хаттар өмірлеріне қандай өзгеріс әкелгенін, оларды жазғандарға ықпалын білдіріп, басқалар олардың тағдырына алаңдайтындары күш бергенін айтады.

Ресми тұлғалар көп жағдайда бұл адамдарға деген көзқарасын айтарлықтай өзгертеді: айып алынып, емделуі қиынға соқпайды, кейде мәселені шешу үшін заңдар не ережелер енгізіледі.

**Біз қорғап, күресіп жүрген адамдар туралы оқыңыз:**

[www.amnesty.org/writeforrights](http://www.amnesty.org/writeforrights)

**Өз еліңіздегі Amnesty тауып алыңыз:**

[www.amnesty.org/countries](http://www.amnesty.org/countries)

**#W4R20 хэштегін пайдаланып,**

@Amnesty бойынша

Твиттерде қолдау көрсетіңіз

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ОҚИТУ

# БАСТАР АЛДЫНДА

Адам құқықтары туралы білім алу әртүрлі жағдайда, мысалы, сыныпта, қауымдастық пен отбасылар, белсенді топтарда, онлайн немесе дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы ретінде нақты топтың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттеріңізді бейімдей аласыз. Мысалы, талқыланып жатқан мәселе бойынша бұрын не білгенін, топ мөлшерін және белсенді қатысуға мүмкіндік беру үшін сабақты қалай ұйымдастыру керек екенін, сабақ өтетін бөлме мен басқа да жағдайды белгілеуіңіз мүмкін. Қатысушылар іс бойынша қолдау шарасын бастар алдында өздеріне қауіпсіз болуын талқылаңыз. Олай болмаса, не үшін?

Сабақтардың бәрі қатыстыру әдісіне негізделеді, мұнда оқушыларға ақпарат ұсынылып қана қоймай, олар іске

байланысты мәселелерді зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қояды. Бұл әдістеме кең білім беру мақсаттары үшін өте маңызды, өйткені қатысушылар:

- маңызды дағдыларды **дамытады**.
- өз пікірін қалыптастыру, сұрақ қою және зерттелетін мәселелерді тереңірек түсінуге **мүмкіндік алады**.
- Өз оқу үдерісін **басқарып**, мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына сәйкес талқылау ұйымдастырады
- Сезімге бой алдырып кірісуге, өз көзқарасын қалыптастыруға керекті **аясына ие болады**.



Тайваньдағы мектеп оқушылары мен мұғалімдер 2019 жылғы Хаттар марафоны шеңберінде Amnesty Internationalмен бірге хат жазу шарасын ұйымдастырды.  
© Amnesty International Taiwan

Белсенді қатыстыру оқыту әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастар алдында Amnesty International **Көмеңші оқулығымен** танысыңыз, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз – [www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/](http://www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/)

Amnesty International өзінің Amnesty академиясында адам құқықтары мәселелері бойынша басқа оқыту курстарын ұсынады, соның ішінде Хаттар марафонын ұсынатын құқық қорғаушылар туралы қысқаша курс: <https://academy.amnesty.org/learn>



## 2019 ЖЫЛҒЫ НАУҚАННЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

# СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗ БАСҚАЛАРДЫҢ ӨМІРІН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІ

## ИРАНДА ТҮРМЕГЕ ҚАМАУ ҮКІМІ ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

2019 ж. Ясаман Арьяниді басына орамал кимей, пойыз жолаушыларына гүл таратқаны үшін 16 жалға бас бостандығынан айыру жазасына кесті. 2020 жылғы ақпан айында оның үкімі елеулі қысқартылған. Бұл бір жағынан, оны босату үшін бүкіл дүние жүзінде 1,2 миллионнан астам жазылған хаттардың нәтижесі. Біз оны босатпай, тоқтамаймыз.



## «Біз әділетсіздікпен күресу үшін дүние жүзіндегі адамдармен біріктік».

Грасси-Нарроус тұрғыны Кристал Свейн



## КАНАДАДАҒЫ ГРАССИ-НАРРОУСТА ЖАҢА АУРУХАНА

Онжылдықтар бойы Грасси-Нарроус байырғы халық қауымдастығы сынаппен уланудан зардап шекті, бұл Канададағы денсаулыққа қатысты ең үлкен апат болған. Грасси-Нарроус жастарына да әсер етіп, өз қауымдастығының салауатты келешегі үшін күрестің алдыңғы қатарында болды. *Көп жылдан бас тартудан кейін ақыры 2020 жылғы 2 сәуірде медициналық мекемесін салу туралы 19,5 миллион Канадалық доллары келісімге қол қойылды - бұл Грасси-Нарроус халқының жеңісі.*

## ОҢТҮСТІК СУДАНДА ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСУ ҮКІМІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ

Магаи Матиоп Нгонг 15 жасында өлім жазасына кесілді. Бірақ, сіздер сияқты адамдардың керемет қолдауының арқасында ол үкімнің күші 2020 жылғы шілдеде жойылды. Бүкіл дүние жүзінің адамдары 750 000 хат, хабарлама және твиттер жазып, Магаи сақтауға шақырды. Бұл нәтиже берді!

«Сізге көп рахмет.  
Айтып жеткізе алмай  
тұрмын. Менің  
қаншалықты бақытты  
екенімді білсеңіз».

Магаи Матиоп Нгонг



## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Адам құқықтары әрқайсымызға тән негізгі бостандықтар мен қорғау құралдары. Олар жасына, азаматтығына, жынысына, нәсіліне, дініне немесе жыныстық қарым-қатынас түріне қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаларына негізделген.

Құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болу үшін керек. Осы негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ болып табылады, олар бәрімізге де, осы дүниедегі әрқайсымызға тән. Оларды бізден тартып алуға болмайды. Олар бөлінбейді және өзара тәуелді болып табылады, бәрі бірдей маңызды және өзара байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасалған жан түршігерлік қылмыстардан кейін Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясынан басталған халықаралық адам құқықтарының құралдары бүкіл әлемде өмірді жақсарту үшін ұлттық, аймақтық және халықаралық заң құжаттарына берік шеңбер жасады. Адам құқықтары үкіметтер үшін заң ретінде болды. Олар үкіметтер мен шенеуніктердің өз юрисдикциясы шеңберінде және одан тыс жерлерде адамдардың құқықтарын құрметтеу, қорғау және орындау міндеттерін жүктейді.

## Адам құқықтары – сән-салтанат үшін тағатын әшекей бұйымдары емес.



Amnesty International Togo командасы 2019 Хаттар марафонына қатысуда. Олар жыл сайын осы науқанға қатысу үшін елдің түкпір-түкпірінен адамдарды жинайды.

© Amnesty International Togo



## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (АҚЖОД)

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл өткен соң Біріккен Ұлттар Ұйымымен дайындалды. 1948 жылдан бастап ол адам құқықтары жөніндегі халықаралық жүйенің негізін қалады. Әлемнің барлық елдері осы құжаттың 30-бабында көрсетілген жалпы қағидаларды сақтауға міндетті екендеріне келісті.

Атынан белгілі болғандай, АҚЖОД декларация болып табылады. Бұл әлемдегі кез-келген үкіметтің жеке адамдарға қатысты белгілі бір стандарттарды сақтайтындығы туралы мәлімдемесі. Адам құқығы халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды: АҚЖОД қабылданғаннан бастап оның қағидалары негізінде көптеген басқа міндетті заңдар мен келісімдер жасалды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Хаттар марафонында» көрсетілген мемлекеттің көзқарасын өзгертуге үндеу жасау негізін береді.

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ



### АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР

Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.

- 1-бап Қадір-қасиет пен құқықтардағы еркіндік және теңдік
- 2-бап Кемсітуден еркін болу
- 3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы
- 4-бап Құлдықтан еркін болу
- 5-бап Азаптаудан еркін болу



### ЗАҢГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР

Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділсот құқығы, заңсыз қамалмау не ұсталмау құқығы.

- 6-бап Бәрі де заңмен қорғалады
- 7-бап Заң алдында бәрі тең
- 8-бап Құқықтар бұзылғанда құқықтық қорғау
- 9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу
- 10-бап Әділсот құқығы
- 11-бап Кінәсіздік презумпциясы
- 14-бап Басқа елден пана және қорғау іздеу құқығы



### ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР

Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.

- 12-бап Жеке және отбасы өміріне ие болу құқығы
- 13-бап Тұратын жерін тағдау және өз мемлекеті аумағында еркін жүру құқығы
- 16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы
- 24-бап Демалу құқығы
- 26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу



### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

Мүлікке ие болу, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.

- 15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы
- 17-бап Мүлікке ие болу құқығы
- 22-бап Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы
- 23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы
- 25-бап Денсаулық сақтау мен жақсылықта өмір сүру құқығы



### САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР

Өз елінде мемлекеттік қызметте істеу, сайлауға қатысу, бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы, пікір білдіру, дінге сену және наным-сенім бостандығы

- 18-бап Дінге сену және наным-сенім бостандығы
- 19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы
- 20-бап Бірлесу және бейбіт жиналу бостандығы
- 21-бап Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу



### МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.

- 27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу
- 28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы.
- 29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті
- 30-бап Ешкім Сіздің құқықтарыңызды тартып ала алмайды!



## САБАҚ

# ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҚТАРЫН ТАЛАП ЕТУ

### COVID-19 АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗ

COVID-19 пандемиясы кезінде денсаулыққа қатысты үкіметтің барлық нұсқауларын ұстанғаныңызға және қауіпсіздік пен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып сабақ өткізетініңізге көз жеткізіңіз.

Егер сабақ онлайн өтсе:

- Қауіпсіз қатысу және сөйлесуді қамтамасыз ететін платформасын **таңдаңыз**.
- Әркім өз пікірімен бөлісіп, (кіші топтарда) қорытынды жасауға қатысуға мүмкіндігі болатындай **сабақ өткізіңіз**.
- Сабақ кезінде қиындық туғызбайтындай, қатысушыларға техникалық қолдауды **қамтамасыз етіңіз**.

COVID-19 пандемиясының салдарынан мектептер және басқа топтар өздерінің тұрақты қызметін жалғастыру үшін сандық кеңістіктерге жиналуға мәжбүр, сондықтан Amnesty мұндай сабақтарды онлайн режимінде өткізуге көмектесетін қосымша материалдар әзірлейді. «Хаттар марафоны» парақшасын қараңыз: <https://eurasia.amnesty.org/marafon-pisem>

### НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- Әйелдер құқықтарын қорғаушылар
- Бостандыққа ие болу құқығы
- Әділсот құқығы
- Сөз бостандығы
- Жалғыз қамау
- Әйелдер құқықтары

### ОСЫ САБАҚ ТУРАЛЫ

Қатысушылар Нассима ас-Сада қандай бұзушылықтарға тап болғанын анықтап, оның әйелдер құқықтары үшін күресін қолдауға дайын болады.

### КЕРЕКТІ УАҚЫТ:

60 минут

### ЖАСЫ: 14+

### ОҚИТУ НӘТИЖЕСІ

- Қатысушылар Сауд Арабиясындағы ерлер қамқоршылығы жүйесі мен елдегі ерлер мен әйелдер теңдігі жағдайы туралы біледі.

- Қатысушылар Сауд Арабиясында әйелдер құқықтарын қорғаушы Нассима ас-Сада қандай адам құқықтары бұзушылықтарына тап болғанын анықтайды.
- Қатысушылар Amnesty Internationalдың «Хаттар марафоны» науқаны туралы біліп, оның кейіпкерлерінің бірін қолдауға хат жазуға дайын болады.

### ДАЙЫНДЫҚ ПЕН МАТЕРИАЛДАР

- Барлық қатысушыларға Нассима ісі туралы 11-беттегі ақпаратты басып шығарыңыз.
- Барлық қатысушыларға 5-беттегі АҚЖОД қысқаша мазмұндамасын басып шығарып беріңіз.
- Нассима ас-Сада ісіндегі адам құқықтары бұзушылықтардың бәрі келтірілген 10-бетті басып шағарыңыз.
- Қарындаш/қалам/маркерлер мен жазуға және сурет салуға арналған қағаз.

## 1 ӨЗ ШЕШІМІМ – ӨЗ ӨМІРІМ

 10 МИНУТ

Қатысушылармен сәлемдесіп, әрқайсысына қағазға бес-алты үлкен жапырақтары бар гүл салуды сұраңыз. Әр жапыраққа өздері өте маңызды деп шешкен нәрсені жазуын сұраңыз. Мысалы, қандай киім киеді, нені оқиды, қандай музыканы тыңдайды, кіммен дос болады, немен шұғылданып, қандай спорт түрімен айналысады, ақшасын қалай жұмсайды, бос уақытын қалай өткізеді, кіммен қарым-қатынаста болатынын т.б.

Әркім өз гүлдерін бітіріп болғаннан кейін, қатысушылардан жазғандарын дауыстап оқып, оны тақтаға немесе флипчартқа жазып шығуын сұраңыз, сонда барлығы оны көре алады. Тізімді жаңа элементтермен толтырыңыз.

Осы тізімді қарап отырып, барлық қатысушылардан осыны сұраңыз:

- **Өз еркіңізбен шешім қабылдай алмағанда, өзіңізді қалай сезінесіз?**
- **Басқа біреу өзіңізге маңызды мәселе бойынша қабылданатын шешімді мақұлдау не мақұлдамау құқығына ие болса, өзіңізді қалай сезінер едіңіз?**
- **Сіздің әлеуметтік ортаңызда немесе еліңізде әртүрлі жыныстағы адамдардың шешім қабылдауда айырмашылығы бар ма? Неліктен? Егер жоқ болса, неге болмайды?**

Жауаптарын бүкіл топпен бөлісулерін сұраңыз.

*Қатысушылар өздері қабылдайтын шешімді оның орнына ата-анасы не қамқоршысы қабылдағанда, өздерін қалай сезінетіндері туралы ойлануы мүмкін. Осы сабақ жастар үшін ата-аналары шешім қабылдау керек пе деген тақырыпта емес, өз өміріне, өзі қабылдауы керек шешімдерді басқа біреу қабылдағанда не сезінетіндерін талқылауға арналғаны маңызды.*

## 2 ЕРКЕКТЕР ҚАМҚОРШЫЛЫҒЫ ЖҮЙЕСІ

🕒 10 МИНУТ

Сауд Арабиясындағы әйелдерге олардың жасына қарамастан, алдығы сұрақтардың жауаптары өзгеше болуы мүмкін екенін түсіндіріп беріңіз. Ондағы еркектер қамқоршылық жүйесі барлық әйелдердің заң бойынша шешім қабылдайтын және әртүрлі жағдайда рұқсат беретін еркек қамқоршысы барын көздейді (ол әкесі, күйеуі, ағасы не ұлы болуы мүмкін). Кейбір жағдайда әйел жесір болғанда, оның ұлы жасына қарамастан өз қамқоршысы болып, шешесі үшін шешім қабылдау қабілетіне ие болуы мүмкін.

Қатысушыларға Сауд Арабиясындағы еркектер қамқоршылығы туралы ақпаратты таратып беріңіз (9-б.).

Қатысушылардан мынадай саулдар қойып, ойлануды сұраңыз:

- **Еркектер қамқоршылығы жүйесі қандай адам құқықтарын бұзуы мүмкін?**
- **Сіздің ойыңызша, Сауд Арабиясында еркектер қамқоршылығы неге пайда болды және әйелдерге тең құқықтарды қамтамасыз ету үшін не істеу керек?**

Бірнеше минуттан кейін сұрақтарға жауап беруді сұраңыз. Еркектер қамқоршылығы жүйесі бұзуы мүмкін кейбір адам құқықтары: өз пікірін білдіру және ой бостандығы, еркіндікке ие болу құқығы, жүру еркіндігі.

Осыған дейін қатысушылармен адам құқықтарын талқыламасаңыз, оны бірдей түсіну үшін осы сабақтың басында 5-беттегі ақпаратты пайдаланып, АҚЖОД-мен таныстырыңыз.

## 3 НАССИМА ХИКАЯСЫ

🕒 20 МИНУТ

Қатысушыларға әйелдер құқықтарын қорғаушылар көп жылдар бойы сол құқықтар үшін күресіп, Сауд Арабиясындағы еркектер қамқоршылығы жүйесіне қарсы ашық шыққандарын айтып беріңіз. Олардың біреуі туралы бәрін біле алады.

Нассима ас-Сада ісі туралы және АҚЖОД-ң қысқаша мазмұны бар парақшаларды бұрын бермесеңіз, таратып беріңіз.

Қатысушыларды кішігірім топтарға бөліп, Нассима хикаясын оқып шығуға уақыт беріп, мынадай сұрақтар қойыңыз:

- **Нассима хикаясын оқығанда не сезіндіңіз?**
- **Нассима оқиғасында қандай адам құқықтары бұзылды?**
- **Сіздің еліңізде қыздар мен әйелдердің жағдайы қандай? Әйелдер қабылдай алмайтын, ал еркектер қабылдай алатын шешімдер бар ма? Еркектер мен әйелдерге бірдей қарай ма? Неге?**
- **Нассима мен басқа да әйелдер құқықтарын қорғаушылардың жағдайын өзгерту үшін не істеу керек?**

Қатысушыларды тағы бірге жинап, кішігірім топтарда талқыланған саулдар бойынша жауаптарын тыңдаңыз. 10-беттегі Нассимаға қатысты құқықтар кестесін бірге қарап шығыңыз.



## 4 ТАЛҚЫЛАУ

🕒 10 МИНУТ

Мынадай сұрақтарды пайдаланып, сабақты талқылаумен аяқтаңыз:

- Әйелдер құқықтарын қорғаушыларға қатысты қудалау қаупі басқаларға қарағанда, неге жоғарылау болады?
- Қандай әрекет жасап, Нассима ас-Саданы оның әділдік үшін күресінде қалай қолдауға болады?
- Бұл Сауд Арабиясындағы әйелдердің күнделікті өмірін қалай өзгертуі мүмкін?

## 5 НАССИМА АС-САДАНЫ ҚОЛДАУ ӘРЕКЕТТЕРІ

🕒 10 МИНУТ

Қатысушыларға Amnesty International бүкіл дүниежүзі адамдарды Нассиманы қолдауға шақырып жатқанын түсіндіріп беріңіз. Олармен бұрынғы Хаттар марафонның сәтті оқиғаларымен бөлісіп, Amnesty билікке хат жазып та, Нассиманың өзін де қолдауға шақыратынын түсіндіріңіз.

Егер қатысушылардың берілген уақытта акцияға қатысу мүмкіндігі болмаса, соны қалай істеу керек екенін не топтар арасында шараны бөліп өткізуді ұсыныңыз. Тапқыр болуға ықпал етіңіз.

Уақытыңыз болса, оларға «Хаттар марафоны» онлайн курсының 5-минуттық кіріспе видеосын көрсетуге болады – <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/151/marafon-pisem>

## ХАТ ЖАЗЫП, ӨМІР САҚТАҢЫЗ

- Сауд Арабиясы Короліне осы мекен-жай бойынша хат жазуды ұсыныңыз:

**His Majesty King Salman bin Abdul Aziz Al Saud**

Сауд Арабиясының өз еліңіздегі елшілігі

Twitter: @KingSalman

Сәлемдесу: Аса Мәртебелі мырза

Қатысушылар «Хаттар марафоны» парағынан жүктей алатын хаттардың үлгісін қолдана алады [www.amnesty.org/writeforrights](http://www.amnesty.org/writeforrights).

Немесе оларға жеке хат жазуға көмектесу үшін келесі нұсқауларды бере аласыз:

**Хат әсерлі болатындай, Корольге осыны жазыңыз:**

- Өзіңіз туралы
- Осы істе ең таң қалдырғаны туралы жазыңыз.
- Нассима мен әйелдер құқықтары үшін күресіп жүрген басқа да белсенділерді дереу және шартсыз босатуды талап етіңіз.

## ҚОЛДАУ КӨРСЕТИҢІЗ

Қатысушыларды Нассимаға жазып, өз қолдауын білдіруді және **Нассиманың рухын қолдауға көмектесетін** сөздер жазуды сұраңыз.

Нассима ас-Сада жануарларды жақсы көреді және үйде өз бақшасына қарайды. Өзіңіздің бау-бақшаңызда жұмыс істеп тұрған фотосуретіңізді немесе әдемі гүл, табиғат көрінісін, жануардың не өсімдіктің суретінкүннің әлеуметтік желілердегі өз парақшаңызға

салыңыз. Сабақта салған гүлдерді де пайдаланып, бір гүл немесе бақша болатындай, бірге түсіріп, салуға болады. Нассимаға жеке хабарлама жазуды ұмытпаңыз.

Нассиманы @nasema33, сонымен бірге @KingSalman хэштегтермен белгілеуді ұмытпаңыз, және де, #FreeNassima хэштегін әр постыңызда пайдаланыңыз.



# САУД АРАБИЯСЫНДАҒЫ ЕРКЕКТЕРДІҢ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

2019 жылдың тамызында көптен күткен оқиға болды - билік ерлер қамқоршылығы кемсіту жүйесін реформалағанын жариялады. Осы реформаның нәтижесінде 21 жастан асқан әйелдер енді қамқоршысының рұқсатынсыз төлқұжат алып, саяхаттай алады; 18 жастан асқан әйелдер - баланың тууын, туысының қайтыс болуын, өздерінің некеге тұруын немесе ажырасуын тіркейді, сондай-ақ отбасылық жағдайы туралы анықтама алуға жүгінеді және алады; әйелдер де үй шаруашылығының басшысы бола алады.

Осы реформалар сол салалардағы әйелдер құқықтарын ерлер құқықтарымен тең дәрежеге келтіріп, әйелдердің еркін жүру құқығына шектеулерді жеңілдеткеніме, еркектер қамқоршылығы жүйесін жойған жоқ. Бұл реформалар әйелдерге қамқоршының рұқсатынсыз тұрмысқа шығуға немесе балаларын үйлендіруге рұқсат берген жоқ. Басқа салаларда, мысалы некеге тұру, ажырасу, мұрагер болу және балаларына азаматтық беру мәселелері бойынша әйелдер мен қыздар заң құжаттарында және іс жүзінде жүйелі түрде кемсітуге ұшырайды.

Әйелдер мен қыздардың жыныстық және басқа да зорлық-зомбылықтан қорғалуы жеткіліксіз. Олар әлі де отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған орталықтардан кету үшін қамқоршының рұқсатын алу тиіс.

## САУД АРАБИЯСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖАҒДАЙЫ

2019 жылы Сауд Арабиясы үкіметі сөз, бірлестіктер мен жиналыстар бостандығына ие болу құқықтарына шабуылды күшейтті. Олар ондаған үкіметтік сыншыларды, құқық қорғаушыларды, соның ішінде әйелдер құқығын қорғаушыларды, шииттер қауымдастығы мүшелерін және белсенділердің отбасы мүшелерін қудалап, заңсыз ұстап, жауапқа тартты. Терроризмге қарсы сотта шиит белсенділері мен діни лидерлерді пікір білдіргені үшін соттауы жалғасуда.

Билік өлім жазасын қолдануын көбейтіп, көптеген қылмыстар, соның ішінде есірткіге қатысты қылмыстары үшін ондаған өлім жазасын жүзеге асырды. Елдегі шиит саны тобынан шыққан бірнеше адам қатал әділетсіз соттардан кейін өлім жазасына кесілді.


Билік репрессиялық еркектер қамқоршылығы жүйесін реформалап, әйелдерге төлқұжат алуға, еркек қамқоршы рұқсатынсыз саяхаттауға және үй шаруашылығының басшысы болуға мүмкіндік берді; дегенмен, басқа салаларда әйелдер заң құжаттарында және іс жүзінде жүйелі кемсітіліп, жыныстық және басқа да зорлық-зомбылықтан жеткіліксіз қорғалуда.

Билік органдары жүз мыңдаған шетелдік азаматтарға жұмыс істеуге және білім мен денсаулық сақтауға қол жеткізу құқығын берді, бірақ жұмыс берушілердің тарапынан еңбек құқықтарын бұзуға және қанауға ұшыраған жүз мыңдаған заңсыз мигранттар қамауға алынып, елден кетіріліп, қамауда болғанда азаптауға ұшыраған. Шиит саны аз тобына қатысты кемсіту әлі де кең таралған.



Нассима ас-Сада  
© Жеке қоры

Біздің анимациялық күнтізбемізді қарап шығуыңызға болады – «Сауд Арабиясындағы әйелдер құқықтарын қорғаушыларды екі жыл қатігездікпен қудалау»:  
[https://cdn.knightlab.com/libs/timeline3/latest/embed/index.html?source=1iJrpiNp45E3r-QTCFyOq9JuH9rpaRJBROxrDvmrde00&font=Default&lang=en&initial\\_zoom=2&height=650](https://cdn.knightlab.com/libs/timeline3/latest/embed/index.html?source=1iJrpiNp45E3r-QTCFyOq9JuH9rpaRJBROxrDvmrde00&font=Default&lang=en&initial_zoom=2&height=650)



# НАССИМА АС-САДА ІСІНДЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ

ҚҰҚЫҚ АТАЛУЫ	ОСЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НАССИМА ІСІНЕ ҚАТЫСЫ БАР МА?
Әділсот құқығы	Нассима ресми айыпсыз және адвокатымен кездесу мүмкіндігінсіз бір жылдан астам уақыт өткізді. Дипломаттар, журналистер мен тәуелсіз бақылаушыларға оның сот процесіне қатысуға тыйым салынды.
Жеке қауіпсіздік құқығы	Қамаудың алдында Нассиманы Twitter арқылы қорқытқан.
Еркін болу құқығы	Нассимаға 2018 ж. шілдеден 2019 ж. маусым айына дейін ресми айып тағылмай, қамауда болды. 2019 ж. ақпаннан 2020 ж. басына дейін оны жалғыз қамауда ұстады.
Кінәсіздік презумпциясы	Сұрақ қойғанда, Нассиманы қорқытып, орындыққа байлап қойған.
Пікір білдіру еркіндігі	Нассиманы басқаларды оқытып, әйелдер құқықтарын ашық талап еткені үшін қамауға алды.
Кінәсіздік презумпциясы	Нассима 2018 ж. шілдеден 2019 ж. маусым айына дейін ресми айып тағылмай, қамауда болды. 2019 ж. ақпаннан 2020 ж. басына дейін оны жалғыз қамауда ұстады.
Кемсітілмеу бостандығы	Нассиманы әйелдер құқықтарын қорғаушы ретінде қудалады. Ол әйелдерді кемсітуді тоқтатылуын талап еткені үшін өзі кемсітуге ұшырады.
Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу құқығы	Нассима 2015 ж. муниципалдық саулауға түскен, бірақ оған қатысуға тыйым салды.





# НАССИМА АС-САДА – САУД АРАБИЯСЫ

Нассима ас-Сада жануарларды жақсы көреді және үйде өз бақшасына қарайды. Тіпті түрме камерасында да бағып өсіретін гүлі бар. Бұл оның қатты сағынған сыртқы әлеммен жалғыз байланысы.

Нассима өмірінің басым бөлігін Сауд Арабиясы әйелдерінің бостандығы үшін күресті. Күресіп жүргенде, өз бостандығынан айрылды. Ол әйелдердің көлік жүргізу және еркек қамқоршының рұқсатынсыз күнделікті жұмыстарымен айналысу құқығын талап ететін белгілі белсенділердің бірі болды.

Сауд Арабиясының қамқоршылық туралы заңы әйелдердің үйден шығуға және басқа негізгі мұқтаждары үшін ер адамнан рұқсат сұрауын талап етеді. Бұл заңдар соңғы айларда жеңілдетілгенмен, қамқоршылық жүйесін жоюға шақырған әйелдер темір тордың ар жағында қалуда. Неліктен кәмелетке толмаған бала ересек әйелдің қамқоршысы болуы керек? 2016 жылы Нассима былай деп жазған: «Неліктен әйелдің ересек болып саналатын, өз шешімдері мен өміріне жауап беретін жас мөлшері жоқ? Неліктен еркек оның өмірі үшін жауапты болуы керек?»

Нассима бейбіт түрде адам құқықтарын қорғау жұмысы үшін 2018 жылдың шілдесінде қамауға алынды. Түрмеде отырғанда оған қатыгездікпен қарады. 2019 жылғы ақпаннан 2020 жылғы ақпанға дейін камерада жалғыз отырғызды. Оған апта сайын отбасымен бір рет қоңырау шалуға рұқсат етіледі, бірақ ешкіммен, тіпті адвокатымен де кездестірмейді.

Ол былай деп айтты: «Әйел азамат ретінде еркек қамқоршысыз қарапайым істі істей алмайтынын түсінгенде, бұл оның адами табиғатын қорлайды».

**Нассима және оның отбасы берілген жоқ. Біз де берілмеуіміз керек.**



© Private

**«Әйел азамат ретінде еркек қамқоршысыз қарапайым істі істей алмайтынын түсінгенде... бұл оның адами табиғатын қорлайды»**

Нассима ас-Сада





# AMNESTY INTERNATIONAL ТУРАЛЫ

Amnesty International көпшілік таныған адам құқықтары жалпыға қол жетерлік дүниені қолдайтын 7 миллионнан астам адамдарды біріктірген ғаламдық қозғалыс.

Біз кез келген жерде болған адам құқықтары бұзушылықтарын зерттеп, осы туралы фактілерді жариялаймыз. Біз үкіметтер мен басқа да ықпалды топтарды, мысалы, ірі компанияларды өз уәделерінде тұруға және халықаралық құқықты сақтауға шақырамыз. Көмектескен адамдарымыздың өмірлері айтқанда, біз әртүрлі елдердегі миллиондаған жақтастарымызды қауіп төнген белсенділерді қорғауға жігерлендіреміз. Оқыту және жетілдіру бағдарламаларының көмегімен адамдарға өз құқықтарын қорғауға көмектесеміз.

Біздің жұмысымыз адамдарды қорғап, көмек береді, мысалы, өлім жазасын жоюдан жыныстық репродуктивті құқықтарды алға бастыруға, кемсітумен күресуден босқындар мен мигранттарды қорғауға дейін. Біз азаптауға жол беретіндерді жауапқа тартуға, репрессивті заңдарды өзгертуге көмектесеміз... Және өз пікірін білдіргені үшін ғана түрмеге түскен адамдарды қорғаймыз. Біз еркіндігі мен қадір-қасиетіне қол сұғылған әр адамды қорғаймыз.

## AMNESTY INTERNATIONAL INTERNATIONAL SECRETARIAT

[www.amnesty.org](http://www.amnesty.org)

Peter Benenson House  
1 Easton Street  
London WC1X 0DW  
United Kingdom

e: [contactus@amnesty.org](mailto:contactus@amnesty.org)  
t: +44-20-74135500  
f: +44-20-79561157

December 2020  
Index: POL 32/2890/2020 Kazakh

All images © Amnesty International unless otherwise stated.  
Cover photograph: © Private  
Script development: © David Hunter

AMNESTY  
INTERNATIONAL

